

«Неміс тілі» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған
тест спецификациясы

- 1.Мақсаты:** Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтарды аттестаттау барысында педагогтердің білімін бағалауға арналған тест тапсырмаларын әзірлеу
- 2.Міндеті:** Педагогтардың біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «Неміс тілі» жалпы білім беретін пәні бойынша педагогтарды аттестациялауға арналған тест.

№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Тілдің фонетикалық аспекті.	01	Неміс тілінің фонетикалық құрылысы. Сөйлеу мүшелері және оның қызметі. Неміс тіліндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың классификациясы
		02	Кейбір әріптер мен әріп тіркестерінің оқу ережесі. Екпін. Әртүрлі сөйлемдердегі әуен
02	Тілдің лексикалық аспекті	03	Синонимдер. Антонимдер
		04	Мақалдар. Идиомалар. Тұрақты сөз тіркестері. Сөз жасам әдістері.
		05	Аббревиатура
		06	Күрделі сөздер
		07	Көп мағналы сөздер
03	Тілдің грамматикалық аспекті	08	Зат есім. Артикль. Артикльдің қолданылуы және функциялары
		09	Зат есімдердің тегін анықтау
		10	Зат есімдердің септелуі. Зат есімдердің көпше түрінің жасалуы
		11	Барыс және табыс септігі шылаулары. Мезгіл, орын және бағыт шылаулары. Есімдік. Есімдіктің түрлері.
		12	Сын есімнің септелуі. Сын есімнің және үстеудің шырайлары
		13	Сандық және реттік сан есімдер. Бөлшек сан есімдер

		14	Етістік. Етістіктің түрлері: көмекші, әлсіз, әлді, бөлінетін, бөлінбейтін префиксі бар Етістіктің шақтары Модаль етістіктері Бұйрық рай Есімше және көсемше
		15	Инфинитив zu мен және zu сыз. Инфинитивтік топтар
		16	Ырықсыз етіс. Шақтары
		17	Қалау рай. Уақыт формалары
		18	Күрделі сөйлемдер. Салалас құрамалас сөйлемдер. Сабақтас құрамалас сөйлемдер
Контекстік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық мәліметтер, сурет және т. б.)			

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Тілдің фонетикалық аспекті – айту-дыбыстау және ритмикалық- әуендік дағдыларын жетілдіру, тілдің әуендік және дыбыстық безендіруінің дұрыстығын сақтау, дұрыс айту-дыбыстай, сөздің, сөйлемнің екпінін дұрыс сақтау, хабарлы, лепті, сұраулы (жалпы, арнайы, балама сұрақты) сөйлемдердегі дұрыс әуенді сақтау.

Тілдің лексикалық аспекті – сөзге тілдік бірлік ретінде лингвистикалық білімді қолдана білу. Нақты сөздік қорды қалыптастыру мен кеңейту үшін сөз жасам құралдары. Сөз жасам тәсілдері(етістік –зат есім: : lesen-das Lesen); (-**er** жұрнағы арқылы етістік түбірінен - der Maler), (**-mal** жұрнағымен сан есімнен үстеу -einmal, **-lich**, жұрнағымен зат есімнен үстеу –täglich, jährlich). Күрделі сөздер(зат есім + байланыстыру элементтері **-s, -n, -er** +зат есім das Enkelkind, der Geburtstag, das Familienmitglied, der Kindergarten); сөздердің қысқартылуы (аббревиатура); Тұрақты сөз тіркестері: Angst haben, an Ort und Stelle sein); синонимдік топ, антонимдік жұптар, көп мағналы сөздер.

Тілдің грамматикалық аспекті – Сөзге сөз табы ретінде лингвистикалық білімді қолдана білу. Белгілі, белгісіз, нөлдік артикльді, етістіктердің ырықты, ырықсыз етісте қолдану дағдыларын жандандыру; Зат есімдердің тегін анықтау, септелу түрлерін, зат есімдердің көпше түрінің жасалу жолдарын анықтау бойынша дағдыларын жандандыру; толықтауыш, сөйлемде есімдіктердің барлық түрлерін қолдану, сын есімдер мен үстеудің шырайларын тілде қолдануын жандандыру; Сандық, реттік, бөлшек сан есімдерді, мезгіл, орын және бағыт шылауларын тілде қолдануын жандандыру;

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 25 %; орташа деңгейде (В) – 50 %; жоғары деңгейде (С) – 25 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, түсушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формалары: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмасын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындау ұзақтығы орташа – 1-1,5 минут.

8. Бағалау: Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

9. Әдебиеттер тізімі:

1. Соколова Н.Б., Молчанова И.Д., Гутрова Е.И. Справочник по грамматике немецкого языка. Москва «Просвещение», 2010
2. Кравченко А.П. Немецкий язык: Учебник для студентов ссузов. Ростов н/Д: Феникс, 2014
3. Басова Н.В., Коноплева Т.Г. Немецкий для колледжей(Deutsch für Colleges). Ростов н/Д: Феникс, 2014
4. Строкина Т.С. 85 устных тем по немецкому языку, М.: Рольф, Айрис-пресс, 2004
5. Морохова Н.Е. Практикум по немецкому языку, М.: Аквариум, 1999
6. Кондакова Е.А. Немецкая грамматика.Глагол, 450 упражнений для школьников. М.: Лист –Нью, 2003
7. Бориско Н.Ф. Бизнес –курс немецкого языка. Киев: ООО «ИП Логос», 2003
8. Бориско Н.Ф. Самоучитель немецкого языка. „Deutsch ohne Probleme!“ Киев: ООО «ИП Логос», 2018
9. Н.В.Разумова, Практикум по немецкому языку,Зерноград 2016